

Әлімбаев А. Р.  
*Т.з.к., әл-Фараби ат. ҚазҰУ Халықаралық қатынастар және әлемдік экономика кафедрасы доценті*

Божеева Б. З. т.ғ.к.  
*доцент, Алматы*

### ШЫҰ ШЕҢБЕРІНДЕГІ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ: МӘСЕЛЕЛЕРІ МЕН БОЛАШАҒЫ

XX ғасырдың 90-жылдарының басында сол кездегі әлемдік саяси үдерістердің ықпалының нәтижесінде Еуразиялық кеңістікте пайда болған жаңа егеменді елдер де өзара байланыстарды нығайту мақсатында бір-біріне жақындаса бастаған еді. Өйткені халықаралық қатынастар жүйесінде егеменді елдердің ең алдымен өзінің аумақтық тұтастығының мызғымастығын шектесіп жатқан елдермен нақтылап алуы оның ұлттық мүддесінің басты қағидасы болып табылады. Сол ретте, көршілес елдер арасындағы тату қарым-қатынастар оларды аймақтық халықаралық ұйым аясында дамуға итермелейді.

Бүгінгі күні халықаралық ұйымдар шеңберіндегі қатысушы мемлекеттердің басты мақсаты да өзара әрекеттестіктің негізінде мүмкіндігінше ынтымақтастықты нығайту екендігі белгілі. Соған орай әр мүше-мемлекет өз мүдделерін негізге ала отырып саяси бағыттарын өзара үйлестіруге талпынады. Заманның талабына сай ортақ қауіпсіздікті қамтамасыз ету, қандай да орын алған шиеленістер мен қақтығыстарды бірлесе шешу халықаралық ұйымдардың күн тәртібіндегі негізгі мәселелерге айналды десе болады. Қатысушы елдер арасында туындаған шиеленісті мәселелерді шешуде қарулы күштер мен зорлық-зомбылық әрекеттерінен бас тартып, мәселені шешудің бейбіт жолдарын бірлесе іздестіре отырып, ұлттаралық қатынастарды

ұйыстыру. Бұл пікірмізді Еуразиялық аймақта құрылған Шанхай ынтымақтастық ұйымы шеңберіндегі мүше мемлекеттердің өзара әрекеттестігі айғақтайды.

Шанхай ынтымақтастық ұйымының құрылуына ұйытқы болған негізгі бес ел, Қазақстан, Қырғыз Республикасы, Қытай, Ресей және Тәжікстан ең алдымен шекара аймағындағы өзара сенімділікті нығайтудан бастаған болатын. Сол ретте бұл бестік шекара мәселесінде өзара ымырашылдықты таныта алды. Оған 1996 жылы Шанхай қаласында «Шекара аймағындағы әскери саладағы сенім шараларын нығайту туралы келісім» мен 1997жылы Мәскеу қаласында қол қойылған «Шекара аймағындағы әскери күштерді өзара қысқарту туралы келісім» куә [1].

Шекараға қатысты барлық мәселені онғайлы шешіп алған соң, бұл мемлекеттер бейбітшілік пен жарасымдылыққа қатысты түсініктерінің бір арнадан шығуына орай, енді мемлекетаралық ынтымақтастықтың басқа салаларын да нығайтуға бет бұрды. Нақтылайтын болсақ, «Шанхай бестігі» мемлекеттерінің 2000 жылғы 5 маусымында Душанбеде өткен саммитінің нәтижесінде қабылданған «Душанбе декларациясында» әр қатысушы елдің аумақтағы егемендігі мен қауіпсіздігі жайлы мәселелерімен қоса, құжатта «Шанхай бестігін» «әртүрлі саладағы аймақтық көпжақты ынтымақтастық құрылымына» айналдыруға деген ұмтылыстары айтылған. Осыған сәйкес, тараптар өзара сенім мен бес мемлекеттің әскери саладағы достық қатынастарын одан әрі нығайту мақсатында, аймақтық бейбітшілік пен тұрақтылықты сақтаудағы біріккен шараларды үйлестіру үшін қорғаныс министрлерінің кеңестерін өткізу жөнінде шешім қабылдайды [2].

Дегенмен де, қауіпсіздік мәселелері бастапқыда ШЫҰ-ны құруда шешуші және де аса басымдылыққа ие мәселелердің бірі болғанына қарамастан, оны әскери ұйым ретінде бағалаған дұрыс болмаған болар еді. Мұндай мәртебе ШЫҰ-ға кіретін елдердің халықаралық одақтар мен ұйымдарға қатысу себептеріне орай сәйкес келмейді. Мысалы, Қытай өзінің сыртқы саясатында дербестік пен тәуелсіздік ұстанымын кездеумен қоса, қандай да бір мемлекеттердің әскери тобана қосылмай саясатын дестүрлі